

**Азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы**

Қостанай облысы Лисаков қаласы әкімдігінің 2012 жылғы 27 наурыздағы № 162 қаулысы. Қостанай облысы Лисаков қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 9 сәуірде № 9-4-203 тіркелді

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 27-бабына, "Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 1 наурыздағы № 274 Жарлығына сәйкес Лисаков қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатылуға құқығы жоқ он сегіз жастан жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтарды, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және әскерге шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімдерін өткермеген азаматтарды 2012 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке "Қостанай облысы Лисаковск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) арқылы шақыруды жүргізуді ұйымдастырсын және қамтамасыз е т с і н .

2. "Қостанай облысы Лисаковск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) өзінің құзыреті шегінде "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңына сәйкес мерзімді әскери қызметке шақыру бойынша іс-шаралар жүргізуді қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Октябрь кентінің, Красногор селосының әкімдері: әскерге шақырылушыларды "Қостанай облысы Лисаковск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) шақырылатыны т у р а л ы х а б а р д а р е т с і н ;

азаматтарды мерзімді әскери қызметке әскери шақыруды жүргізу кезінде "Қостанай облысы Лисаковск қаласының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) шақырылушыларды жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер департаменті Лисаков қаласының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) әскери міндеттілікті орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді жүзеге

а с ы р у

ұ с ы н ы л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Лисаков қаласы әкімінің орынбасары Ә.С.

С а п а р о в а ғ а

ж ү к т е л с і н .

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Л и с а к о в

қаласының әкімі

В. Радченко

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Ішкі істер  
министрлігі Қостанай облысының ішкі  
істер департаменті Лисаков қаласының  
ішкі істер бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің (ММ) бастығы

Т. Айсин

"Қостанай облысы Лисаковск қаласының  
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"  
М М б а с т ы ғ ы

А. Никифоров